

ӘОЖ-327

СИРИЯДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫ РЕТТЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСЫ

Салыкпаева Айжан Талгатовна

ayzhan140202@icloud.com

Халықаралық қатынастар факультетінің «Халықаралық қатынастар»

кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

2010-2011 жылдары Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдерін қамтыған «Араб көктемі» оқиғасының Сириядағы қақтығыстың шығуына себеп болғандығы барлығымызға да белгілі. Қазіргі уақытқа дейін Сириядағы соғыс әрекеттері тоқтамады, мұның өзі аймаққа ғана емес, бүкіл әлемге қауіп төндіретін оқиғаға айналды. Осыған байланысты қақтығыс басталысымен БҰҰ және белді мемлекеттер Сириядағы қақтығысты реттеуге бар дипломатиялық күш жігерін жұмсағанмен де, әлі күнге дейін нақты шешімдер қабылданып, қақтығысты тоқтататындай нәтижелерге қол жеткізілген жоқ. Қазақстанның Сириядағы жағдайға қатысты ұстанымы мен осы қақтығысты реттеуге қосып отырған үлесінің маңызына баға бере кетсек...

2016 жылдың қаңтар айынан бастап еліміздің бас қаласы Астанада Сириядағы қақтығысты реттеуге қатысты Сирия үкіметі және ондағы оппозициялық топтардың өкілдері, БҰҰ, Ресей, Түркия және Иран делегаттары қатысқан келіссөздер басталды. Өзімізге белгілі 2011 жылдан басталған бұл қақтығыс АҚШ және Ресей сияқты белді державалардың араласуына қарамастан әлі күнге дейін толастамай отыр. Осы ретте Қазақстанның Сириядағы қақтығысты реттеуге келіссөз алаңын ұсынуы еліміздің сыртқы саясатының әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған белсенді саясатының айғағы десе болады. Сонымен қатар Қазақстанның қазіргі кездегі халықаралық қатынастардағы аймақтық деңгейдегі беделді және белсенді мемлекет дәрежесіне көтерілгендігінің дәлелі.

Сириядағы қақтығыс нақты 2011 жылы күзде жаппай көпшілік сипат алумен басталды. Алғашқы кезде Б.Асад үкіметі қақтығысты армияның күшімен бірден басып тастағысы келді, сөйтіп алғашқы адам шығыны орын алды. Мұның өзі Б.Асадтың билігіне қарсылардың наразылығын одан сайын күшейтті және олардың қарсылығы көрші араб елдерінен қолдау тапты. Сөйтіп Б.Асад билігін құлату нақты мақсат етіп қойлып, елде бірнеше мұсылмандық топтар пайда болып, оған қарсы күрес жүргізді. Бұл қақтығыстың ерекшелігі Б.Асад билігіне қарсы ішкі және сыртқы оппозицияның күресуі болды. Сыртқы оппозиция («Сирия ұлттық Кеңесі», «Оппозициялық және революциялық күштердің Ұлттық Коалициясы») бұл бұрыннан шетелге эмигранцияға кеткен Сирияның бұрынғы саяси элементтері болса, ішкі оппозицияны («Ислам мемлекеті», «Жейш әл Ислам», «Жабхат ән-Нусра» т.б.) Сирияның қазіргі билігіне қарсы топтар құрап отыр.

Астана Сирия келіссөзі үшін кездейсоқ таңдалған жер емес. Астанадағы «Rixos President Astana» қонақ үйінде Сириядағы шиеленісті реттеу бойынша халықаралық келіссөздер екі күн бойы жабық есік жағдайында өтті. Бұл шараға Сирия мәселесін тығырықтан шығаруға мүдделі 7 тараптың өкілі қатысты. Олар:

1) Сирия үкіметінің делегациясы, оны БҰҰ жанындағы ресми Дамасктың тұрақты өкілі Басар әл-Джафари басқарды.

2) Сирия билігіне қарсы оппозициясының делегациясы, онда шамамен 15 топтың өкілі бар.

3) Ресей делегациясы, оны РФ президентінің Сирия ісі бойынша арнайы өкілі Александр Лаврентьев басқарды.

4) Түркия делегациясы, басшысы - Түркия Сыртқы істер министрінің орынбасары Седат Онал.

5) Иран делегациясы, басшысы Садек Хусейн Джабери Ансари.

6) Сириядағы дағдарысты реттеу процесі БҰҰ Бас хатшысының Сирия жөніндегі арнаулы өкілі Стаффан де Мистура.

7) АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Джон Крол.

Халықаралық саясатта Астана процесі деген атауға ие болған алқалы жиынға Қазақстанның тікелей араласа алмайтыны түсінікті. Дегенмен, осы процестегі еліміздің ұстанымы айқын. Бұл ұстаным - алты жылға жуық қақтығыстан көз аспаған, жүз мыңдаған адам құрбан болған қантөгісті тоқтатуға үлес қосу. Осылайша, бейбітшілікке үндейтін, бейтарап ұстанымға берік ел екенін тағы да аңғартқан Қазақстан тараптарға басқосу үшін алаң ұсынып, тұрақтылық келіссөзін жүргізуге барынша тиімді жағдай туғызып отыр. Айта кетерлігі, осы арқылы Қазақстан әлемде мәмілегерлік миссиясымен де таныла түсуде. Шындығында, мәмілегерлік миссиясы Сирия мәселесінде де айқын көрінді. Сирия дағдарысы басталған сәттен бастап Қазақстан халықаралық қоғамдастықты қақтығысты дипломатиялық жолмен шешуге шақырып, өзінің бейтарап ұстанымында екенін, мәселені шешуге мәмілегер болуға дайын екенін байқатып келген.

2015 жылы сәуірде Қазақстанда Сирия оппозициясы өкілдерінің қатысуымен келіссөздердің алғашқы раунды өтті. Былтырғы жылдың қазан айында келіссөздердің екінші раундын өткізуге мұрындық жасадық. Бұны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та кездесуге қатысушыларға арналған үндеуінде білдірген болатын. Расында, Қазақстан билігі мен дипломатиясы осыған дейін тарихи мәнге ие көптеген халықаралық келісімдердің қабылдануына мұрындық болып келді. Ел аумағында аса ірі халықаралық талқылаулар жүйесін тауып, табысты жүргізілді.

Сонымен қатар, Сирия мәселелерін реттеу бойынша кездесу Ресей мен Түркия президенттерінің бастамасымен, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсынысты қуаттауымен өткен болатын. Бұл ретте Қазақстан келіссөздер жұмысына араласпайды, тек мүдделі тараптардың келіссөз жүргізуіне тиісті алаң ұсынумен шектеледі. Жалпы, Астанадағы «жабық есік» жағдайында өтіп жатқан кездесуді халықаралық қоғамдастық оң қабылдап, Сирия жеріндегі дағдарысты еңсеруге игі ықпал етеді деген үлкен үмітпен қарап отыр. Қаңтар айының басында АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Джон Керри Астанадағы келіссөздерді қолдайтынын мәлімдеген еді. Ал елші Джон Крол сынды тәжірибелі дипломаттың қатысуы АҚШ-тың осы ұстанымын айғақтай түседі.

Кесте 1. Сирия қақтығысы бойынша өткізілген Астана процесі (Дереккөз:автормен құрастырылған)

| | |
|-------------------------------------|-------------------------------------|
| S – (Strengths) Күшті тұстар | W- (Weaknesses) Әлсіз тұстар |
|-------------------------------------|-------------------------------------|

| | |
|---|--|
| <p>1.Сириядағы дағдарысты реттеуге өз септігін тигізді.</p> <p>2. Таяу Шығыс аймағына өте пайдалы болды.</p> <p>3. Қазақстан әлемде мәмілегерлік миссиясымен де танылуы.</p> <p>4. Сирия халқына түскен ауыртпашылықты жеңілдетуге байланысты қаржылай көмек көрсету.</p> <p>5.Елдегі жағдайды сәл де болсын оңтайластыру.</p> <p>6. Соғысты тоқтату режимін нығайту жолдарын тыңғылықты талқылау</p> | <p>1.Қол жеткізген нәтижелерге басшылардың қанағаттанбауы</p> <p>2. Астана процесі деген атауға ие болған жиынға Қазақстанның тікелей араласа алмайды, тек мүдделі тараптардың келіссөз жүргізуіне тиісті алаң ұсынумен шектеледі.</p> |
| О- (Opportunities) Мүмкіндіктер | T-(Threats) Қауіптер |
| <p>1. Астана процесінің үміттерге жетелеуі</p> <p>2.Қазақстанның да тікелей процеске араласу мүмкіндігі.</p> | <p>1.Соғыстың әлі де болса толастамау қаупі</p> <p>2.Болашақта тағы да қайталану қаупі</p> |

SWOT анализ нәтижесінде ,басым жақтары теріс жағынан көбірек екенін байқауға болады.

Бұл дегеніміз Сирия қақтығыстарында Қазақстанның да түпкілікті қолдау көрсетіп,қыруар қаржы жұмсағанын аңғарамыз.

Астана процесі - бұл Сирияның ресми үкіметі мен қарулы оппозиция өкілдерінің алғаш рет бір-бірімен бетпе-бет келіссөз алаңында кездесуімен ерекшеленеді. Қарсы тарап бір үстел басында отырып қана қоймай, соғысты тоқтату режимін нығайту жолдарын тыңғылықты талқылауға дайын екендігін осы кездесуге қатысу арқылы қуаттады.Осының өзі қай жағынан алғанда да Астана процесіне деген үміттің отын жағады.

Сирия билігі мен оппозиция арасындағы барлық мәселелерді талқылау БҰҰ-ның арнаулы елшісін арағайындыққа жұмылдыру арқылы тікелей емес келіссөздер форматында өткен екен. Тұтастай алсақ, Сириядағы соғысты тоқтатуға қатысты алғашқы қадам Астанада жасалып отыр деуге келеді.

Сирияға байланысты негізгі келіссөздер Женева процесі аясында да алдағы ақпан айында жалғасады. Сондықтан да сарапшылар Астанадағы келіссөзді Женева кездесуінің табысты өтуіне оң ықпалын тигізіп, алғышарттар жасайтынына үмітті. Яғни, Астана процесі Женева келіссөздерін толықтыра түсетін маңызды бөлікке айналмақ. Бұл жайында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі: «Астанадағы кездесу БҰҰ аясында Женевада өтетін келіссөздерді жаңғыртудағы маңызды қадам» деп мәлімдеген болатын.

Елордадағы екі күндік келіссөз Сириядағы қақтығыстарды толықтай тоқтатып, жанжалды түгел жауып тастай алмайтыны түсінікті. Дегенмен, бұның өзі қақтығыстарды тоқтатуға соқтыратын себептерді, жолдарды іздеуге итермелейтін ізгі ниеттен туындаған бастама. Яғни, Астана процесі - Сирия түйінін тарқатудың ең тиімді жолы. Сондықтан да, әлем жұртшылығын алаңдатқан мәселенің бітімгершілік жолмен шешілуіне сүбелі үлес қосу Қазақстанның халықаралық аренадағы абырой биігін одан әрі асқақтата түсері сөзсіз. Сондықтан да, келіссөздің күрделілігіне қарамастан оның өтуінің өзін әлем сарапшылары оң нәтижеге балай бастады. Күрделі демекші бұндай келіссөздерден ең бірінші байқалатын мәселе - шашыраңқы болып жүрген Сирия билігіне қарсы оппозицияларды әлі де біріктіре түсу. Осы жолды реттемей басқаға кірісу күрделі бола түспек. Өйткені, бұған дейін де сол топтардың арасында бір-бірін немесе басқа тарапты ДАИШ-пен қатысы барлығына айыптау көрініс беріп келген болатын.

Қорытындылай келе, Сириялық дағдарысты реттеу басталған сәттен-ақ Қазақстан оның табысты болуына жәрдемдесуге ұмытылып келеді. Астана процесінің арқасында Қазақстан дипломатиялық бітістірушінің жаһандық ролін өзіне бекіте алады. Расында Сирия мәселесі бойынша келіссөздерді жүргізудегі Қазақстанның ролі бірінші кезекте тараптарды бітімге келтіруге негізделген. Сирия жөніндегі келіссөздердің де Астанада өтуі - Қазақстанның өте үлкен дипломатиялық жеңісі. Сириядағы мәселені реттеуге БҰҰ және әлемнің белді мемлекеттері қаншама күресіп келе жатқанмен, дәл бүгінгі күні бұл мәселенің әлі де болса нақты шешім таппай отырғанын көреміз. Дегенмен қайта-қайта жүргізілген келіссөздер, оған Сирия үкіметі ғана емес ішкі және сыртқы оппозициялық топтар өкілдерінің қатысуы соғысты тоқтатып, елдегі жағдайды реттеуге барлығының да мүдделі екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Сирийский конфликт и Казахстан

<https://informburo.kz/stati/siriyskiy-konflikt-i-kazahstan-kogda-neytralitet-luchshe-vmeshatelstva-270.html>

2.Астанинский процесс:итоги переговоров ради мира в Сирии

<https://ru.sputnik.kz/politics/20181129/8287819/astaninskij-process-siriya-peregovory.html>

3.Зачем Казахстану сирийские переговоры и почему проводилась операция «Жусан»

<https://tengrinews.kz/article/kazahstanu-siriyskie-peregovoryi-pochemu-provodilas-1241/>

4.Что дал астанинский процесс Сирии? <https://vestikavkaza.ru/analytics/CHto-dal-astaninskiy-protsess-Sirii.html>

5. Идлиб на троих. Соглашения в Астане приблизили мир в Сирии

https://aif.ru/politics/world/idlib_na_troih_soglasheniya_v_astane_priblizili_mir_v_sirii